БУХГАЛТЕРИЯ
ЮР. СЛУЖБА
ИНИЦИАТОР ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРА
СОГЛАСОВАНО

3

Договор оказания услуг / Қызметтерді көрсету шарты № KAL2002-0019-00_0168

10.01.2020

ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай), юридическое лицо, зарегистрированное и действующее в соответствии с законодательством Республики Казахстан, именуемое в дальнейшем «Заказчик», представленное в лице Операционного Директора Департамента снабжения KAL/KBL Бектурганова Марата Сабитовича, действующего на основании Доверенности № 2019-05-9 от 18 мая 2019 г., с одной стороны, и	**«KAZ Minerals Aktogay» (ҚАЗ Минералз Ақтоғай) ЖШС,** Қазақстан Республикасының заңнамасына сай тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға, бұдан әрі «Тапсырыс беруші», 18.05.2019 ж. № 2019-05-9 сенімхат негізінде әрекет ететін KAL/KBL Жабдықтау Департаментінің операциялық Директоры Марат Сабитович Бектурганов, тұлғасында, бір жағынан, және
ТОО «**Дим Строй**», юридическое лицо, зарегистрированное и действующее в соответствии с законодательством Республики Казахстан, именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице Директора Мусорова В.В., действующего на основании Устава, с другой стороны,	Қазақстан Республикасының заңнамасына сай тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға **«Дим Строй» ЖШС** атынан, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, Жарғы негізінде іс-қимыл жасайтын Директор Мусоров В.В., екінші жағынан,
Далее совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона», заключили настоящий договор оказания услуг (далее по тексту «Договор») о нижеследующем:	бұдан былай мәтін бойынша бірлесе отырып «Тараптар» ал жеке алғанда «Тарап» деп аталып, негізінде төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан былай - Шарт) жасасты:
Номер, дата и наименование контракта на недропользование:	Нөмірі, күні және атауы-жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт:
№637 от 19.02.2001г	№637 19.02.2001 ж.
Способ закупа: № 2020.ОИ-292709 от 05.01.2020 г.	Сатып алу тәсілі: №2020.ОИ-292709 05.01.2020 ж.
Статья 1. Предмет Договора 1.1. В соответствии с условиями настоящего Договора Исполнитель обязуется оказать по заданию Заказчика услуги (далее по тексту «Услуги»), указанные в пункте 1.2. настоящего Договора, и сдать их результат Заказчику, а Заказчик обязуется принять результат и оплатить Услуги. 1.2. Исполнитель обязуется оказать следующие Услуги: **Адаптации проекта демонтажа и монтажа виброгрохота, с получением положительного заключения Комплексной вневедомственной экспертизы проекта (КВЭП).** Полный Объем Услуг указан в Приложении № 3 к настоящему Договору, которое является его неотъемлемой частью. 1.3. Место оказания Услуг: Восточно-Казахстанская область, Аягозский район, Месторождение Актогай расположенное в 25 км от станции Актогай. 1.4. Результатом оказанных Услуг по настоящему Договору являются: **проектно-сметная документация в 3-х экземплярах (в обязательном порядке на казахском и русском языках) на бумажном носителе, а также в 1 экземпляре на электронном носителе.** 1.5. Все Услуги по настоящему Договору Исполнитель оказывает с привлечением квалифицированного персонала, на своем оборудовании, своими силами, инструментами, с использованием материалов в соответствии с требованиями технической спецификации. 1.6. Исполнитель гарантирует, что обладает необходимыми ресурсами и всей необходимой разрешительной документацией, предусмотренной действующим законодательством Республики Казахстан для оказания Услуг по настоящему Договору, в противном случае обязуется возместить Заказчику все причиненные этим убытки.	**1-бап. Шарттың мәні** 1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша осы Шарттың 1.2.-тармағында көрсетілген Қызметтерді (бұдан әрі мәтін бойынша - Қызметтер) көрсетуге және нәтижесін Тапсырыс берушіге тапсыруға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Қызмет нәтижесін қабылдауға және Қызмет ақысын төлеуге міндеттенеді. 1.2. Орындаушы келесі Қызметтерді көрсетуге міндеттенеді: **Дірілді електі бөлшектеу және монтаждау жобасын бейімдеу Жобаны кешенді идарадан тыс сараптаманын (КВЭП) оң пікірімен алған кезде.** Қызметтердің толық көлемі осы Шартқа қоса тіркелетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын № 3 Қосымшада көрсетілген. 1.3. Қызметтерді көрсету орны: Ақтоғай тау-кен байыту комбинатының (АТКБК) Шығыс Қазақстан облысы Ақтоғай станциясы жақын маңда (25 км) орналасқан. 1.4. Осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің нәтижесі болып табылады: **жобалық-сметалық құжаттаманы 3 данада (міндетті түрде қазақ және орыс тілдерінде) қағаз тасымалдағышта, сондай-ақ 1 данасын электрондық тасымалдағышта.** 1.5. Осы Шарт бойынша барлық Қызметтерді Орындаушы білікті қызметкерлерді тарта отырып, өз жабдықтарымен, өз күштерімен, құралдарымен, Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес материалдарды қолдану арқылы көрсетеді. 1.6. Орындаушы өзінде осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге қажетті ресурстардың және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті рұқсат құжаттарының бар екеніне кепілдік береді, кері жағдайда Тапсырыс берушінің барлық келтірілген шығындарын өтеуге міндеттенеді.
Статья 2. Права и обязанности Сторон 2.1. <u>Исполнитель обязан:</u> 2.1.1. Оказать Услуги с надлежащим качеством, в строгом соответствии с нормами и правилами (СНиП и т.п.), предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан для оказания подобного вида Услуг, в соответствии с условиями настоящего Договора и требованиями Заказчика. 2.1.2. Оказать Услуги по настоящему Договору в течение **60 календарных дней** с даты заключения настоящего Договора. 2.1.3. В случае наступления каких-либо обстоятельств, препятствующих исполнению настоящего Договора, Исполнитель обязуется письменно уведомить об этом Заказчика в течении 3 (трех) рабочих дней с момента наступления таких обстоятельств с приложением документов, подтверждающих причину задержки исполнения обязательств. Исполнитель должен немедленно уведомить Заказчика в случае, если Услуги не оказываются или не будут оказаны в соответствии с графиком оказания Услуг. Если Услуги не оказываются в соответствии с графиком оказания Услуг, Исполнитель должен за	**2-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері** 2.1.<u>Орындаушының міндетттері:</u> 2.1.1. Қызметтерді тиісті сапада, Қызметтердің осы түрін көрсету бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген нормалар мен ережелерге (ҚНжЕ және и т.б.) қатаң түрде сәйкес, осы Шарттың талаптарына және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес көрсету; 2.1.2. Осы Шарт бойынша Қызметтерді осы Шарт жасалған күннен бастап **60 күнтізбелік күннің** ішінде көрсету. 2.1.3. Осы Шартты орындауға кедергі келтіретін қандай да бір жағдайлар туындаған жағдайда, Орындаушы міндеттемелерді орындауды кешіктіру себебін растайтын құжаттарды қоса тіркеу арқылы Тапсырыс берушіге бұл жөнінде осындай жағдайлар орнаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді. Егер Қызметтер Қызметтерді көрсету кестесіне сәйкес көрсетілмей жатса немесе көрсетілмейтін болса, Орындаушы дереу Тапсырыс берушіге хабарлама жіберуі тиіс. Егер Қызметтер Қызметтерді көрсету кестесіне сәйкес

свой счет (если иное не было предварительно согласовано в письменном виде с Заказчиком) принять все возможные и необходимые меры по ускорению оказания Услуг, чтобы завершить их оказание в соответствии с графиком оказания Услуг.	көрсетілмейтін болса, Орындаушы оларды Қызметтерді көрсету кестесіне сай аяқтау үшін өз есебінен (алдын ала Тапсырыс берушімен жазбаша түрде басқасы келісілмеген болса) Қызметтердің атқарылуын жеделдету бойынша барлық мүмкін және қажетті шараларды қабылдауы тиіс.
2.1.4. По итогам оказываемых Услуг предлагать рекомендации и мероприятия по обеспечению безопасной эксплуатации оборудования Заказчика и улучшения его состояния.	2.1.4. Көрсетілген Қызметтердің нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің жабдығын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету және оның жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар мен іс-шараларды ұсыну.
2.1.5. Обеспечить выполнение необходимых мероприятий по охране труда и промышленной безопасности, технике безопасности, пожарной безопасности и охране окружающей среды во время выполнения Услуг. В случае несоблюдения вышеуказанных обязанностей Исполнитель несёт ответственность перед государственными и надзорными органами Республики Казахстан (без привлечения Заказчика).	2.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде еңбекті қорғаужәне өнеркәсіптік қауіпсіздік, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету. Егер жоғарыда көрсетілген міндеттер сақталмаса Орындаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қадағалау органдарының алдында жауап береді (Тапсырыс берушінің қатысуынсыз).
2.1.6. Обеспечить соблюдение техники безопасности своим персоналом, нести полную ответственность, установленную действующим законодательством, за ущерб, причиненный жизни, здоровью своих работников на территории Заказчика.	2.1.6. Өз қызметкерлерінің техника қауіпсіздігін сақтауын қамтамасыз ету, Тапсырыс берушінің аумағында жұмыскерлерінің өмірі мен денсауығына келтірілген залал үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген толық жауапкершілікті өз мойнына алу.
2.1.7. Доставка персонала, материалов, вспомогательных материалов, необходимых для оказания Услуг, до места проведения Услуг осуществляется силами и за счет Исполнителя.	2.1.7. Қызметкерлерді және Қызметтерді көрсетуге қажетті материалдарды, қосалқы материалдарды Қызметтерді көрсету орнына дейін жеткізу Орындаушының күшімен және есебінен жүзеге асырылады.
2.1.8. Иметь все необходимые документы, обеспечивающие право оказания Услуг по настоящему Договору.	2.1.8. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге құқық беретін барлық қажетті құжаттардың болуын қамтамасыз ету.
2.1.9. Персонал Исполнителя обязан строго соблюдать требования правил внутреннего трудового распорядка, пропускного режима действующих на территории Заказчика.	2.1.9. Орындаушының қызметкерлері Тапсырыс берушінің кәсіпорындарындағы ішкі еңбек тәртібі мен өту режимінің талаптарын қатаң сақтауға міндетті;
2.1.10. Выполнить иные обязанности, предусмотренные для Исполнителя настоящим Договором или действующим законодательством Республики Казахстан.	2.1.10. Орындаушы үшін осы Шартпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге міндеттерді орындау;
2.1.11. Исполнитель обязан отражать все обороты по реализации Услуг Заказчику в своей налоговой отчетности по НДС в срок, установленный Налоговым Кодексом Республики Казахстан для представления в налоговый орган декларации по НДС, с учетом периода продления в соответствии с подпунктами 2,3) пункта 3 статьи 212 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	2.1.11. Орындаушы Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 212-бабы 3-тармағының 2,3-тармақшаларына сәйкес ұзарту кезеңін есепке ала отырып, салық органына ҚҚС бойынша декларациясын ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мерзімде ҚҚС бойынша өзінің салықтық есептілігінде Тапсырыс берушіге Қызметтерді сату бойынша барлық айналымдарды көрсетуге міндетті.
В случае если при проведении налоговой проверки по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату налоговыми органами будет установлен факт сокрытия Исполнителем (или соисполнителями Исполнителя) или некорректного отражения оборотов по реализации в адрес Заказчика (или соисполнителями Исполнителя в адрес Заказчика), Исполнитель обязан по требованию Заказчика в 1,5-кратном размере возместить Заказчику суммы НДС, исключенные из возврата в соответствии с пунктами 8, 9, 10, 12 статьи 152 Налогового Кодекса Республики Казахстан. При этом, основанием, свидетельствующем о неисполнении Исполнителем своих обязательств по декларированию сумм НДС, служат акты документальных налоговых проверок по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату.	Егер қайтаруға ұсынылған ҚҚС артық сомасының дұрыстығын растау бойынша салықтық тексеру жүргізу кезінде салық органдары Орындаушының (немесе Орындаушының субжеткізушілерінің) оны жасырып қалу фактісін немесе Тапсырыс берушінің атына (немесе Орындаушының субжеткізушілері Тапсырыс берушінің атына) сату айналымын дұрыс көрсетпеу фактісін анықтаса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 152-бабының 8, 9, 10, 12-тармақтарына сәйкес қайтарудан алынып тасталған ҚҚС сомаларын Тапсырыс берушіге 1,5 еселенген мөлшерде өтеуге міндетті. Бұл ретте, Орындаушының ҚҚС сомаларын декларациялау бойынша өз міндеттемелерін орындамауын куәландыратын негіздеме қайтаруға ұсынылған ҚҚС артық сомасының дұрыстығын растау бойынша салықтық тексеру актілері болып табылады.
2.1.12. Соблюдать требования Экологического законодательства Республики Казахстан. Нести ответственность за нарушение норм Экологического кодекса Республики Казахстан и иных нормативно-правовых актов в области экологической безопасности, в том числе возмещение причиненного ущерба окружающей среде. Выполнять расчеты платежей и производить оплату за эмиссии в окружающую среду в соответствии с требованиями действующего налогового и экологического законодательства Республики Казахстан. Осуществлять вывоз отходов, образуемых в ходе выполнения Услуг, за исключением отходов по которым Заказчик осуществляет продажу.	2.1.12. Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің нормаларын, экологиялық қауіпсіздік саласындағы өзге нормативтік-құқықтық актілерді бұзғаны үшін жауап беру, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу. Төлемдерді есептеу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы экология және салық заңнамасының талаптарына сәйкес эмиссия төлемдерін төлеу. Тапсырыс беруші сатуды жүзеге асыратын қалдықтарды қоспағанда, Қызметтерді көрсету барысында түзілген қалдықтарды шығару.
2.1.13. Письменно известить Заказчика об окончании оказания Услуг.	2.1.13. Қызметтерді көрсетуді аяқтау жөнінде Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлау;
2.1.14. Передать Заказчику результат Услуг по Акту оказанных Услуг. Исполнитель обязуется заполнять все необходимые поля в Акте оказанных Услуг, указанных в Приложении №2 к настоящему Договору.	2.1.14. Қызметтердің нәтижесін Көрсетілген қызметтер актісі бойынша Тапсырыс берушіге тапсыру. Орындаушы осы Шарттың №2 Қосымшасына сәйкес Көрсетілген қызметтер актісіндегі барлық қажетті бағандарды толтыруға міндеттенеді.
2.1.15. Собственными силами и за свой счет исправить по требованию Заказчика все выявленные недостатки в Услуге в сроки, согласованные Сторонами в Дефектном акте, если в процессе выполнения Услуг Исполнитель допустил отступление от условий настоящего Договора, ухудшившее качество Услуг.	2.1.15. Орындаушы Қызметтерді көрсету барысында осы Шарттың талаптарынан ауытқып, нәтижесінде Қызметтердің сапасы төмендеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерде анықталған барлық кемшіліктерді Ақаулар актісінде Тараптар келіскен мерзімде өз күшімен және өз есебінен түзетеді;

2.1.16. Предоставлять Представителю Заказчика отчет о ходе оказания Услуг в распечатанном на бумажном носителе и (или) в электронном виде по форме, определенной Заказчиком в зависимости от вида и объемов оказываемых Услуг.	2.1.16. Қызметтердің көрсетілу барысы туралы есепті, көрсетілетін Қызметтердің түріне және көлеміне қарай Тапсырыс беруші белгілеген нысанда, басып шығарылған қағаз тасымалдауышта және (немесе) электрондық түрде Тапсырыс берушінің Өкіліне ұсыну;
2.1.17. Немедленно в письменном виде известить Заказчика и до получения от него указаний приостановить оказание Услуг при обнаружении:	2.1.17. Келесі жағдайлар орын алған жағдайда, Тапсырыс берушіге дер кезінде жазбаша түрде хабарлау және одан нұсқауларды алмайынша Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру:
2.1.17.1. Возможных неблагоприятных для Заказчика последствий выполнения его указаний о способе исполнения Услуг.	2.1.17.1. Қызметтерді көрсету тәсілі бойынша оның нұсқауларын орындаудан Тапсырыс беруші үшін ықтимал жағымсыз салдар туындаса.
2.1.17.2. Иных, не зависящих от Исполнителя обстоятельств, ухудшающих качество оказываемых Услуг, либо создающих невозможность их завершения в срок, указанный в настоящем Договоре.	2.1.17.2. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын төмендетін немесе осы Шартта көрсетілген мерзімде Қызметтерді аяқтауға мүмкіндік бермейтін, Орындаушыға байланысты емес басқа да жағдайлар туындаса.
2.1.18. Не использовать в ходе оказания Услуг материалы и оборудование, если это может привести к нарушению требований, обязательных для Сторон, по охране окружающей среды и безопасности оказания Услуг.	2.1.18. Қызметтерді көрсету барысында Тараптар үшін міндетті болып табылатын қоршаған ортаны қорғау және Қызметтерді қауіпсіз көрсету бойынша талаптардың бұзылуына алып келетін материалдар мен жабдықты пайдаланбау.
2.1.19. До начала оказания Услуг по настоящему Договору предоставить Заказчику подтверждение о праве оказания Услуг, предусмотренные настоящим Договором.	2.1.19. Осы Шарт бойынша Қызметтерді бастамас бұрын Тапсырыс берушіге осы Шартпен көзделген Қызметтерді көрсету құқығы туралы растаманы ұсыну.
2.1.20. Экипировать сотрудников, прибывающих на место оказания Услуг Средствами Индивидуальной Защиты (далее по тексту «СИЗ»).	2.1.20. Қызметтерді көрсету орнына келіп отырған қызметкерлерді Жеке қорғаныс құралдарымен (бұдан былай мәтін бойынша «ЖҚҚ») жабдықтау.
2.1.21. Сотрудники Исполнителя должны соблюдать все правила техники безопасности (далее по тексту «ТБ») на месторождении, также проходить все необходимые тренинги/курсы обучения ТБ, организуемые Заказчиком, соблюдать все правила охраны здоровья труда и окружающей среды (далее по тексту «ОЗТОС»).	2.1.21. Орындаушының қызметкерлері кен орнында барлық Қауіпсіздік техникасы ережелерін (бұдан былай мәтін бойынша «ҚТ») сақтауы тиіс, сонымен қатар Тапсырыс беруші ұйымдастыратын ҚТ бойынша барлық тренингтерден/курстардан өтуі тиіс, және де денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау ережелерін (бұдан былай мәтін бойынша «ДЕҚОҚ») сақтауы тиіс.
2.1.22. Любая техника, привлекаемая Исполнителем на место оказания Услуг, должна проходить осмотр и освидетельствование уполномоченными сотрудниками Заказчика на соответствие нормам ТБ. При обнаружении несоответствий нормам ТБ, Исполнитель обязуется заменить данную технику или устранить несоответствия за свой счет. В случае, если при осмотре техники или по другим причинам несоответствия ОЗТОС сотрудников Исполнителя, был воспрещен въезд на территорию месторождения, Исполнитель должен за свой счет устранить несоответствия в кратчайшие сроки и приступить к исполнению Услуг по настоящему Договору.	2.1.22. Қызметтерді көрсету орнына тартылатын Орындаушының кез келген техникасын Тапсырыс берушінің уәкілетті қызметкерлері ҚТ нормаларына сәйкестігі бойынша тексеруі және куәландыруы тиіс. ҚТ нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы осы техниканы ауыстыруға, немесе сәйкессіздіктерді өз есебінен жоюға міндеттенеді. Егер техниканы тексеру кезінде немесе басқа да себептермен Орындаушының қызметкерлері ДЕҚОҚ сай болмауынан кен орны аумағына кіргізілмеген жағдайда, Орындаушы қысқа мерзімде сәйкессіздіктерді өз есебінен жоюға және осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуді бастауға міндеттенеді.
2.1.23. Заказчик вправе по своему усмотрению проводить ежедневный осмотр техники Исполнителя перед началом оказания Услуг. При обнаружении несоответствия внутренним правилам ОЗТОС техники Исполнителя, Заказчик вправе требовать устранения этих несоответствий.	2.1.23. Тапсырыс беруші өз қарауынша Орындаушының техникасын Қызметтерді бастамас бұрын күн сайын тексеруге құқылы. Орындаушының техникасы ішкі ДЕҚОҚ ережелеріне сай болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші мұндай сәйкессіздіктерді жоюды талап етуге құқылы.
2.1.24. В случае, если Услуги оказываются Исполнителем Заказчику на месторождении Заказчика, Заказчик по предварительному письменному запросу Исполнителя (в котором в обязательном порядке указывается количество сотрудников и их данные (ФИО, должность, телефон, паспортные данные)), может предоставлять Исполнителю электронные ключи системы Andover в целях посещения сотрудниками Исполнителя столовой, расположенной на месторождении Заказчика. Вместе со списком сотрудников, Исполнитель в обязательном порядке обязан предоставить Заказчику логотип Компании Исполнителя (в случае его наличия) в электронном виде в формате jpeg или jpg. Выдача таких электронных ключей системы Andover осуществляется путем передачи уполномоченным сотрудником Заказчика уполномоченному сотруднику Исполнителя (который в обязательном порядке указывается в письменном запросе Исполнителя как ответственное лицо в получении, хранении и возврату полученных электронных ключей) по акту приема передачи, подписываемого уполномоченными представителями обеих Сторон. По окончанию оказания Услуг Исполнителем по настоящему Договору, уполномоченный сотрудник Исполнителя в срок не позднее 1 (одного) календарного дня возвращает уполномоченному сотруднику Заказчика полученные ранее электронные ключи путем подписания уполномоченными представителями обеих Сторон акта приема-передачи. В случае замены сотрудников Исполнителя, оказывающих Услуги по настоящему Договору, Исполнитель обязан в срок не позднее 1 (одного) календарного дня с даты выбытия сотрудника Исполнителя с месторождения Заказчика вернуть электронный ключ по акту приема-передачи, подписываемого уполномоченными представителями Сторон. Получение электронных ключей для новых сотрудников Исполнителя осуществляется в строгом соответствии с положениями настоящего пункта Договора. При этом, количество электронных	2.1.24. Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтерді Тапсырыс берушінің кенорнында көрсеткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының алдын ала жазбаша сұранымы бойынша (мұнда міндетті түрде қызметкерлердің саны мен олардың деректері (Т.А.Ә., лауазымы, телефоны, төлқұжат деректері) көрсетіледі) Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің кенорнында орналасқан асханаға баруы үшін Орындаушыға Andover жүйесінің электрондық кілттерін беруі мүмкін. Қызметкерлердің тізімімен қоса, Орындаушы міндетті түрде Тапсырыс берушіге электронды түрде jpeg немесе jpg форматында Орындаушы Компаниясының логотипін (бар болған жағдайда) ұсынуға міндетті. Andover жүйесінің осындай электрондық кілттерін беру Тапсырыс берушінің уәкілетті қызметкерінің Орындаушының уәкілетті қызметкеріне (міндетті түрде Орындаушының жазбаша сұранымында электрондық кілттерді алуға, сақтауға және қайтаруға жауапты ретінде көрсетілген) екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актісі бойынша өткізу арқылы жүзеге асырылады. Орындаушы осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуді аяқтаған кезде Орындаушының уәкілетті қызметкері екі Тараптың уәкілетті өкілдерінің қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы арқылы 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей Тапсырыс берушінің уәкілетті қызметкеріне алынған электрондық кілттерді қайтарып береді. Осы Шарт бойынша қызмет көрсететін Орындаушының қызметкерлері ауыстырылған жағдайда, Орындаушы өз қызметкерінің Тапсырыс берушінің кенорнынан кеткен күнінен бастап 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актісі бойынша электрондық кілтті қайтарып беруге міндетті. Орындаушының жаңа қызметкерлері үшін электрондық кілттерді алу қатаң түрде Шарттың осы тармағының

ключей, выдаваемых Заказчиком Исполнителю по настоящему Договору, не должно превышать количество заявленных для оказания Услуг сотрудников Исполнителя в месте оказания Услуг (с учетом сотрудников Исполнителя, находящихся на межвахтовом отдыхе).	қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл кезде, Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушыға беретін электрондық кілттерінің саны Қызметтерді көрсету орнында қызмет көрсетеді деп мәлімделген Орындаушы қызметкерлерінің санынан аспауы тиіс (вахтааралық демалыста жүрген Орындаушының қызметкерлерін есепке алғанда).
2.1.25. Если Исполнитель оказывает строительно-монтажные услуги, то помимо электронного счет-фактуры и вышеуказанного Акта оказанных услуг Исполнитель обязан предоставить акты, согласно приложениям 3 (3-1) и 4 (4-1) Правил организации деятельности и осуществления функций заказчика (застройщика), утвержденных Приказом Министра Национальной Экономики Республики Казахстан от 19 марта 2015 года № 229.	2.1.25. Егер Орындаушы құрылыс-монтаждау қызметтерін көрсететін жағдайда, электрондық шот-фактура мен жоғарыда аталған Көрсетілген қызметтер актісінен басқа Орындаушы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 3 (3-1) және 4 (4-1) қосымшаларына сәйкес ресімделген актілерді ұсынуға міндетті.
2.1.26. В случае необходимости визита работника (работников) Исполнителя на месторождение, Исполнитель обязуется соблюдать визовое законодательство Республики Казахстан. При этом, если между страной Исполнителя и Республикой Казахстан установлен визовый режим, Заказчик обязуется обеспечивать визовую поддержку, а Исполнитель обязуется оформлять (получать) соответствующую (деловую) визу. Заказчик предоставляет письмо-приглашение для получения визы, если у Исполнителя нет представительства на территории Республики Казахстан. По прибытии работника (работников) Исполнителя на территорию Республики Казахстан Заказчик предоставит все необходимые документы в миграционную полицию Республики Казахстан для прохождения регистрации/подачи уведомлений. Заказчик оплачивает все расходы, связанные с совершением действий, указанных в настоящем пункте. В случае нарушения Исполнителем визового режима, например, оформление туристической визы вместо деловой или иное любое нарушение, Исполнитель несет ответственность в полном объеме за все возможные последствия, в том числе обязуется возместить причиненный Заказчику ущерб (административный штраф за нарушение миграционного законодательства, расходы, связанные с задержанием и депортацией, неисполнение или просрочка исполнения Договора и другое).	2.1.26. Орындаушы жұмыскерінің (жұмыскерлерінің) кен орнына келуі қажет болған жағдайда, Орындаушы Қазақстан Республикасының визалық заңнамасын сақтауға міндеттенеді. Бұл кезде, егер Орындаушының елі мен Қазақстан Республикасының арасында визалық режим орнатылған болса, онда Тапсырыс беруші визалық қолдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді, ал Орындаушы тиісті (іскерлік) визаны ресімдеуге (алуға) міндеттенеді. Егер Орындаушыда Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші виза алу үшін шақыру-хат ұсынады. Орындаушының жұмыскері (жұмыскерлері) Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Тапсырыс беруші тіркеуден өту/хабарламаларды беру үшін Қазақстан Республикасының көші-қон полициясына барлық қажетті құжаттарды ұсынады. Тапсырыс беруші осы тармақта көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қатысты барлық шығыстарды өзі төлейді. Орындаушы визалық режимді бұзған жағдайда, мәселен, іскерлік визаның орнына туристік визаны ресімдеген немесе кез келген өзге бұзушылық жасаған болса, Орындаушы туындауы ықтимал барлық салдар үшін толық көлемде жауап береді, соның ішінде Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді (көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін салынатын әкімшілік айыппұл, тұтқындаумен және депортациялаумен байланысты шығыстар, Шартты орындамау немесе мерзімінен кешіктіріп орындау және т.б.).
2.2. <u>Исполнитель имеет право:</u> 2.2.1. Оказать Услуги по согласованию с Заказчиком досрочно. 2.2.2. На оплату стоимости оказанных Услуг, в случае приемки их Заказчиком согласно Акту оказанных Услуг. 2.2.3. Привлекать для оказания по письменному согласованию с Заказчиком субисполнителей, при этом ответственность за сроки и качество Работ перед Заказчиком несет Исполнитель в полном объеме, без привлечения субисполнителей. Вне зависимости от иных положений настоящего Договора, определяющих обратное, Исполнитель не должен заключать договора субисполнения или разрешать дальнейшее заключение договоров субисполнения по какой-либо части Работ без предварительного письменного согласия Заказчика. Исполнитель несет полную ответственность за действия и упущения своих субисполнителей и за выполнение ими Работ. Исполнитель гарантирует, что все Работы выполняются его субисполнителями таким же образом, как если бы Исполнитель выполнял эти Работы сам. Перед началом выполнения Работ Исполнитель должен предоставить Заказчику список всех субисполнителей, которые будут использоваться Исполнителем. В данном списке должны указываться имена представителей субисполнителей и номера телефонов. Исполнитель должен обновлять этот список и предоставлять его копию Заказчику каждый раз, когда Заказчиком будет утверждаться новый субисполнитель.	<u>2.2. Орындаушының құқықтары:</u> 2.2.1. Тапсырыс берушімен келісу бойынша Қызметтерді мерзімнен бұрын көрсету; 2.2.2. Көрсетілген Қызметтер құнының, оларды Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес қабылдаған жағдайда, төленуіне; 2.2.3. Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушімен жазбаша келісу бойынша суборындаушыларды тартуға, бұл кезде Тапсырыс беруші алдында Қызметтерді көрсету мерзімі мен сапасы бойынша жауапкершілікті Орындаушы толығымен суборындаушыларды тартуынсыз көтереді. Осы Шарттың керіні анықтайтын басқа да ережелеріне қарамастан, Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз суборындау шарттарын жасамауы және кейіннен Қызметтердің қандай да бір бөлігі бойынша суборындау шарттарын жасауға рұқсат бермеуі тиіс. Орындаушы өз суборындаушыларының әрекеттері мен қателіктері үшін және олардың Қызметтерді көрсетуіне толығымен жауапты болады. Орындаушы барлық Қызметтердің суборындаушылары Орындаушының өзі орындайтындай етіп орындайтынына кепілдік береді. Қызметтерді бастамас бұрын Орындаушы Тапсырыс берушіге онымен тартылатын барлық суборындаушылардың тізімін ұсынуға тиіс. Осы тізімде суборындаушылар өкілдерінің аты-жөндері мен телефон нөмірлері көрсетілуі тиіс. Орындаушы осы тізімді жаңартып отыруы және оның көшірмесін жаңа суборындаушы бекіткен сайын Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.
2.3. <u>Заказчик обязан:</u> 2.3.1. Назначить своих представителей, должностных лиц для осуществления контроля над оказанием Услуг, которые от его имени совместно с Исполнителем осуществляют приемку по Акту оказанных Услуг, технический надзор и контроль над их оказанием. Представители Заказчика имеют право беспрепятственного допуска ко всем видам Услуг в любое время в течение всего периода оказания Услуг. Указания представителей Заказчика обязательны для исполнения Исполнителем.	2.3. <u>Тапсырыс берушінің міндеттері:</u> 2.3.1. Көрсетілген қызметтер актісі бойынша Орындаушымен бірлесе отырып оның атынан қабылдауды, техникалық қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын, Қызметтердің көрсетілуін бақылайтын өзінің өкілдерін, лауазымды тұлғаларын тағайындау. Тапсырыс берушінің өкілдері Қызметтерді көрсетудің барлық кезеңі ішінде кез келген уақытта Қызметтердің барлық түріне кедергісіз рұқсатқа

2.3.2. В течение пяти рабочих дней после получения от Исполнителя письменного извещения об окончании Услуг осмотреть результат Услуг. 2.3.3. Принять Услуги по Акту оказанных Услуг, либо при обнаружении отступлений от условий настоящего Договора или иных недостатков, заявить мотивированный отказ от приемки Услуг. 2.3.4. Оплатить Услуги в порядке и сроки, оговоренные в статье 3 настоящего Договора. 2.4. Заказчик имеет право: 2.4.1. Во всякое время проверять ход и качество Услуг, выполняемых Исполнителем, не вмешиваясь в его деятельность. 2.4.2. В случае выявления некачественных Услуг, выполненных Исполнителем, отказаться от исполнения настоящего Договора в любое время, письменно уведомив о том Исполнителя за 7 (семь) календарных дней до даты расторжения. 2.4.3. Отказаться от приемки оказанных Услуг в случае несоответствия их качества действующим нормативным документам Республики Казахстан и требованиям Заказчика, предусмотренных настоящим Договором. 2.4.4. Отдавать письменные предписания, распоряжения Исполнителю об остановке оказания Услуг, в случае, если Исполнитель осуществляет оказание Услуги с нарушением нормативных требований и условий настоящего Договора. 2.4.5. Если Исполнитель не приступает своевременно к исполнению настоящего Договора или оказывает Услуги настолько медленно, что окончание Услуг к сроку, указанному настоящем Договоре становится невозможным по мнению Заказчика, Заказчик вправе отказаться от настоящего Договора в одностороннем порядке и потребовать возмещения убытков от Исполнителя в полном объеме. 2.4.6. Если во время оказания Услуг Исполнителем станет очевидным, что Услуги не будут оказаны надлежащим образом, Заказчик вправе назначить Исполнителю разумный срок для устранения недостатков и при неисполнении Исполнителем в назначенный срок этого требования отказаться от настоящего Договора в одностороннем порядке либо поручить исправление Услуг третьему лицу за счет Исполнителя, с отнесением всех связанных с таким исправлением затрат и убытков за счет Исполнителя в полном объеме. 2.4.7. Заказчик вправе также по своему усмотрению удержать стоимость расходов, пени, неустоек, суммы авансовых платежей, подлежащих возврату Исполнителем Заказчику по настоящему Договору, из стоимости Услуг, подлежащей оплате по настоящему Договору (или по любым иным договорам, заключенным с Исполнителем). 2.4.8. Исполнитель от своего лица, от лица своих аффилированных лиц, правопреемников, директоров, сотрудников и агентов, гарантирует возмещение сумм документально подтвержденного реального ущерба, причиненного Заказчику работниками Исполнителя, принимать на себя всю ответственность и обеспечить Заказчику и Сторонам Заказчика, ограждаемых от ответственности, не причинение любого ущерба, не привлечение к любым видам ответственности, включая ответственность за реальный ущерб, расходы, иски, связанные с телесными повреждениями или имущественным вредом, являющихся последствием оказания Исполнителем или любым субисполнителем Услуг, или вытекающих из оказания обязательств по настоящему Договору, кроме случаев, когда такие иски возникают в результате грубой небрежности или преднамеренных, безответственных или неосторожных действий Заказчика по настоящему Договору. 2.4.9. Заказчик от своего лица, от лица своих аффилированных лиц, правопреемников, директоров, сотрудников и агентов, гарантирует возмещение сумм документально подтвержденного реального ущерба, причиненного Исполнителю работниками Заказчика, принимать на себя всю ответственность и обеспечить Исполнителю и Сторонам Исполнителя, ограждаемым от ответственности, не причинение любого ущерба, непривлечение к любым видам ответственности, включая ответственность за реальный ущерб, расходы, иски, связанные с телесными повреждениями или имущественным вредом, являющихся последствием исполнения Заказчиком своих обязательств по	құқылы. Тапсырыс беруші өкілдерінің нұсқауларын Орындаушы орындауға міндетті. 2.3.2. Орындаушыдан Қызметтердің аяқталуы туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Қызметтер нәтижесін қарау; 2.3.3. Қызметтерді Көрсетілген қызметтердің актісі бойынша қабылдауға немесе осы Шарттың талаптарынан ауытқу немесе өзге кемшіліктер анықталған жағдайда, Қызметтерді қабылдаудан уәжді бас тартуды мәлімдеу. 2.3.4. Қызметтердің ақысын осы Шарттың 3-бабында келісілген тәртіпте және мерзімде төлеу. 2.4.Тапсырыс берушінің құқықтары: 2.4.1. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпастан, Орындаушы көрсететін Қызметтердің сапасын және жұмыс барысын тексеру; 2.4.2. Орындаушы көрсеткен сапасыз Қызметтер табылған жағдайда, Орындаушыға Шартты бұзу күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы Шарттың орындалуынан кез келген уақытта бас тарту; 2.4.3. Осы Шартта қарастырылған Қызметтердің сапасы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оларды қабылдаудан бас тарту; 2.4.4. Орындаушы осы Шарттың нормативтік талаптары мен шарттарын бұза отырып қызмет көрсеткен жағдайда, Орындаушыға Қызмет көрсетуді тоқтату туралы жазбаша ұйғарымдар мен өкімдер беру; 2.4.5. Егер Орындаушы осы Шартты орындауға уақтылы кіріспесе немесе Тапсырыс берушінің пікірінше осы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Қызметтерді көрсетуді аяқтау мүмкін емес болатындай етіп Қызметтерді баяу көрсетсе, Тапсырыс беруші осы Шарттан біржақты тәртіпте бас тартуға және Орындаушыдан залалды толығымен өтеуді талап етуге құқылы. 2.4.6. Егер де Қызметтерді көрсету барысында Орындаушыға Қызметтердің тиісті түрде орындалмайтыны ақиқат болса, Тапсырыс беруші Орындаушыға ақауларды жоюға жеткілікті мерзім беруге және Орындаушы белгіленген мерзімде бұны орындамаған жағдайда осы Шарттан бір жақты тәртіпте бас тартуға немесе Қызметтерді түзетуге Орындаушының есебінен үшінші тұлғаға нұсқау беруге құқылы, мұндай түзетуге қатысты шығындар мен залал толығымен Орындаушының есебіне жатқызылады. 2.4.7. Тапсырыс беруші өз қарауынша осы Шарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге қайтаруға тиісті шығындар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбы сомаларын, аванс төлем сомаларын осы Шарт бойынша (және Орындаушымен жасалған басқа да кез келген шарттар бойынша) төленетін Қызметтердің құнынан ұстап қалуға құқылы. 2.4.8. Орындаушы өзінің атынан, өзінің үлестес тұлғаларының, құқықтық мұрагерлерінің, директорлардың, қызметкерлер мен агенттердің атынан Орындаушының қызметкерлерімен Тапсырыс берушіге келтірілген құжаттармен расталған нақты залалдың сомаларын өтеуге, барлық жауапкершілікті өз мойнына алуға және Тапсырыс беруші мен жауапкершіліктен босатылған Тапсырыс беруші Тараптарына қандай да болсын зиянды келтірмеуге, қандай да болсын жауапкершілік түріне, оның ішінде нақты залал, шығыстар және Орындаушының немесе кез келген суборындаушының Қызметтерді көрсету салдары болып табылатын немесе осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің салғырт немқұрайлылығы немесе ниетті, жауапсыз немесе абайсыздық әрекеттерінің нәтижесінде туындағандарын қоспағанда, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан туған дене жарақатымен немесе мүліктік залалмен байланысты талаптар үшін жауапкершілікке тартпауға кепілдік береді. 2.4.9. Тапсырыс беруші өзінің атынан, өзінің үлестес тұлғаларының, құқықтық мұрагерлерінің, директорлардың, қызметкерлер мен агенттердің атынан Орындаушының қызметкерлерімен Тапсырыс берушіге келтірілген құжаттармен расталған нақты залалдың сомаларын өтеуге, барлық жауапкершілікті өз мойнына алуға және Орындаушы мен жауапкершіліктен босатылған Орындаушы Тараптарына қандай да болсын зиянды келтірмеуге, қандай да болсын жауапкершілік түріне, оның ішінде нақты залал, шығыстар және Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсету салдары болып табылатын немесе осы Шарт бойынша Орындаушының салғырт немқұрайлылығы немесе ниетті, жауапсыз немесе абайсыздық әрекеттерінің нәтижесінде туындағандарын қоспағанда, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан

настоящему Договору, кроме случаев, когда такие иски возникают в результате грубой небрежности или преднамеренных, безответственных или неосторожных действий Исполнителя по настоящему Договору.	туған дене жарақатымен немесе мүліктік залалмен байланысты талап-арыздар үшін жауапкершілікке тартпауға кепілдік береді.
Статья 3. Цена и порядок расчетов 3.1. Общая цена Договора не должна превышать **20 684 230,00** (двадцать миллионов шестьсот восемьдесят четыре тысячи двести тридцать) тенге, без учета НДС которая расчитывается на основании нижеследующей Таблицы цен 1. 3.2. Общая цена Договора включает стоимость работ и стоимость расходов Исполнителя на питание и проживание работников, связанные с исполнением настоящего Договора. 3.3. Стоимость расходов на питание и проживание по настоящему Договору будут возмещаться в пределах стоимости фактически полученных Исполнителем услуг от Заказчика. 3.4. Стоимость Услуг включает в себя: 3.4.1. Стоимость Услуг. 3.4.2. Стоимость проживания рабочих Исполнителя (в случае проживания сотрудников Исполнителя в вахтовом городке Заказчика. 3.4.3. Стоимость питания рабочих Исполнителя (в случае питания сотрудников Исполнителя в вахтовом городке Заказчика). 3.4.4. Стоимость транспортных расходов. 3.4.5. Стоимость ГСМ Исполнителя. 3.4.6. Стоимость оборудования Исполнителя. 3.4.7. Стоимость материалов и все иные прочие расходы Исполнителя для надлежащего оказания Услуг по настоящему Договору. 3.4.8. Накладные расходы Исполнителя. 3.4.9. Расходы по обеспечению и содержанию персонала Исполнителя. 3.4.10. Расходы на привлечение субисполнителей. 3.4.11. Стоимость эксплуатации и обслуживания техники Исполнителем. 3.4.12. Налоги, сборы и иные обязательные платежи Исполнителя в бюджет, установленные законодательством Республики Казахстан. 3.4.13. Расходы Исполнителя по страхованию. 3.5. Оплата по настоящему Договору осуществляется Заказчиком за фактически оказанные Услуги путем перечисления денег на расчетный счет Исполнителя. 3.6. Оплата стоимости Услуг осуществляется Заказчиком в течение 30 (тридцати) календарных дней от даты выписки электронного счета-фактуры на основании Акта выполненных работ (Форма Р-1), подписанного обеими сторонами. Если электронный счет-фактура оформлен некорректно, то датой, принимаемой для расчета по оплате будет являться дата выписки корректного электронного счета-фактуры. 3.7. Датой оплаты считается списание денег с расчетного счета Заказчика в пользу Исполнителя. 3.8. <u>Выставление счетов</u> 3.8.1. Электронный счет-фактура должен содержать подробное описание Услуг, за которые он выставляется. В счете за оказанные Услуги необходимо выделять НДС. Исполнитель обязуется оформлять электронную счет-фактуру в соответствии с требованиями действующего налогового законодательства. 3.8.2. В каждом электронном счете-фактуре должна быть ссылка на номер настоящего Договора, БИН (ИИН), серию и номер свидетельства о постановке на учет по НДС, если Исполнитель является налогоплательщиком согласно налоговому законодательству Республики Казахстан, а также юридический адрес Заказчика. 3.8.3. Электронные счета-фактуры, при оформлении которых Исполнителем не соблюдены указанные требования, будут возвращены Заказчиком без оплаты. 3.8.4. Заказчик не несет ответственности и не будет платить пени Исполнителю за просрочку оплаты, вызванную неправильным оформлением Исполнителем электронного счета-фактуры. 3.8.5. Все расчеты между Сторонами по настоящему Договору производятся в национальной валюте Республики Казахстан – тенге, и осуществляются Сторонами путем перечисления денег на расчетные счета Сторон, указанные в настоящем Договоре.	**3-бап. Құны және есеп айырысу тәртібі** 3.1. Шарттың жалпы құны ҚҚС есепке алусыз **20 684 230,00** (жиырма миллион алты жүз сексен төрт мың екі жүз отыз) теңгеден жоғары болмауы тиіс, ол төменгі № 1 бағалар кестесіне сай есептеледі. 3.2. Шарттың жалпы бағасы Қызметтер құнын және Орындаушының осы Шартты орындаумен байланысты жұмысшылардың тамақтануы мен тұрмысына жұмсайтын шығыстар құнын қамтиды. 3.3. Осы Шарт бойынша тамақтануға және тұрмысқа жұмсалатын шығыстары Орындаушының Тапсырыс берушіден іс жүзінде алған қызметтер құнының шеңберінде өтелетін болады. 3.4. Қызметтердің құны мыналарды қамтиды: 3.4.1. Қызметтердің құны. 3.4.2. Орындаушы жұмысшыларының тұру құны (егер де Орындаушының жұмысшылары Тапсырыс берушінің вахталық қалашығында тұратын болса). 3.4.3. Орындаушы жұмысшыларының тамақтану құны (егер де Орындаушының жұмысшылары Тапсырыс берушінің вахталық қалашығында тамақтанатын болса). 3.4.4. Көліктің шығындарының құны. 3.4.5. Орындаушының ЖЖМ құны. 3.4.6. Орындаушының жабдығының құны. 3.4.7. Осы Шарт бойынша Қызметтерді тиісті түрде көрсетуге қажетті материалдардың құны және Орындаушының басқа да шығындары. 3.4.8. Орындаушының үстеме шығындары. 3.4.9. Орындаушының қызметкерлерін қамсыздандыру бойынша шығындар. 3.4.10. Суборындаушыларды тарту бойынша шығындар. 3.4.11. Орындаушының техникасын пайдаланудың және қызмет көрсетудің құны. 3.4.12. Орындаушының салықтары, алымдары және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер. 3.4.13. Орындаушының сақтандыру бойынша шығындары. 3.5. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді нақты көрсетілген Қызметтер үшін Орындаушының есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы төлейді. 3.6. Тапсырыс беруші Қызметтер құнын Тараптар қол қойған Көрсетілген қызметтер актісі (Р-1 нысаны) негізінде электрондық шот-фактура шығарылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді. Егер де электрондық шот-фактура қате ресімделген болса, онда төлемді есептеу бойынша қабылданатын күн дұрыс ресімделген электрондық шот-фактураның шығарылған күні болып есептеледі. 3.7. Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотынан Орындаушының пайдасына ақша алынған күн төлем жасау күні болып есептеледі. <u>3.8. Шоттарды ұсыну.</u> 3.8.1. Электрондық шот-фактурада ол ұсынылатын Қызметтердің толық сипаттамасы болуы тиіс. Көрсетілген Қызметтер үшін ұсынылатын шотта ҚҚС-ты көрсету қажет. Орындаушы электрондық шот-фактураны қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімдеуге міндеттенеді. 3.8.2. Әрбір электрондық шот-фактурада осы Шарттың нөміріне сілтеме, БСН (ЖСН), ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы және нөмірі, егер де Орындаушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші болып табылса, сонымен қатар Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы көрсетілуі тиіс. 3.8.3. Егер де Орындаушы көрсетілген талаптарды электрондық шот-фактураларды ресімдеген кезде орындамаса, онда Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады. 3.8.4. Тапсырыс беруші Орындаушыға оның электрондық шот–фактураны қате ресімдеуі нәтижесінде төлемді кешіктіргені үшін есептелген өсімпұлды төлемейді және Орындаушының алдында жауап бермейді. 3.8.5. Осы Шарт бойынша Тараптар арасындағы барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгемен жүргізіледі, және Тараптар осы Шартта көрсетілген Тараптардың есеп айырысу шоттарына ақша аудару арқылы есеп айырысады.

3.9. В случае, если сумма НДС была ранее возвращена из бюджета Республики Казахстан, но не подтверждена в последующем по результатам налогового контроля Республики Казахстан (т.е. Исполнитель аннулировал, отозвал ранее выписанные электронные счета-фактуры), Исполнитель обязан по требованию Заказчика возместить сумму НДС и сумму пени за каждый календарный день с даты возврата из бюджета в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	3.9. Егер ҚҚС сомасы бұрын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылса, бірақ кейіннен Қазақстан Республикасының салықтық бақылау нәтижелері бойынша расталмаса (яғни Орындаушы бұрын жазылған электронды шот-фактуралардың күшін жойса, қайтарып алса), Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 104 бабы 4-тармағында көрсетілген көлемде бюджеттен қайтарып алған күннен бастап әр күнтізбелік күнге ҚҚС сомасын және өсімпұл сомасын өтеуге міндетті.
3.10. Таблица цен 1	3.10. Бағасы кестесі 1

№	Описание	Сипаттамасы	Ед.изм-я / Өлшем бірлігі	Кол-во / Саны	Срок выполнения, календарных дней / Мерзімі, күнтізбелік күндер	Стоимость, тенге, не вкл. НДС / Құны, теңге, ҚҚС есебінсіз
1	Разработка проектно-сметной документации	Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу	Работа / Жұмыс	1	30	20 212 041,00
2	ОВОС	ҚОӘБ жасау	Работа / Жұмыс	1	15	472 189,00
3	Инженерно-геологические изыскания	Инженерлік геологиялық зерттеулер	Работа / Жұмыс	1	15	-
4	Комплексная вневедомственная экспертиза проекта	Жобаны кешенді идарадан тыс сараптама	Работа / Жұмыс	1	срок проведения комплексной вневедомственной экспертизы проекта не входит в общий срок проектирования	стоимость проведения комплексной вневедомственной экспертизы проекта входит в стоимость Разработки проектно-сметной документации
	Итого	**Барлығы**				**20 684 230,00**

Статья 4. Безопасность и окружающая среда	**4-бап. Қауіпсіздік және қоршаған орта**
4.1. Исполнитель несёт ответственность за безопасное оказание Услуг по настоящему Договору в строгом соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, требованиями безопасности и применимыми правилами, и стандартами Заказчика. Исполнитель предпримет все разумные меры предосторожности для обнаружения и снижения рисков, связанных с оказанием Услуг, чтобы защитить персонал и собственность от травм и повреждений. Исполнитель незамедлительно сообщит Заказчику все соответствующие детали происшествий, повлекших потерю времени, незначительных несчастных случаях и опасных случаях во время оказания Услуг, и о шагах, предпринятых для предотвращения их повторения. В случае нарушения требований техники безопасности Исполнителем либо его представителями Заказчик имеет право приостановить Услуги до полного устранения нарушений, а в случае повторных и неоднократных нарушений отказаться от настоящего Договора в одностороннем порядке, и незамедлительно удалить Исполнителя с территории Заказчика.	4.1. Орындаушы осы Шарт бойынша Қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын, қауіпсіздік талаптары мен қолданыстағы ережелерді, Компания стандарттарын қатаң сақтай отырып қауіпсіз орындалуына жауапты болады. Орындаушы қызметкерлер мен мүлікті жарақат пен зақымнан сақтау үшін Қызметтерді көрсетуге байланысты тәуекелдерді анықтау және төмендету бойынша барлық тиісті сақтық шараларын қолданады. Орындаушы Тапсырыс берушіге жұмыс уақытын жоғалтуға алып келген оқиғалардың егжей-тегжейін, Қызметтерді көрсету барысында орын алған кішігірім жазатайым оқиғалар және қауіпті оқиғалар туралы, мұндай жағдайлар қайталанбас үшін қолданылған іс-шаралар туралы дер кезінде хабарлайды. Орындаушы немесе оның өкілдері қауіпсіздік техникасының талаптарын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші ақауларды толық жойғанға дейін Қызметтердің көрсетілуін тоқтата тұруға құқылы, ал мұндай бұзушылықтар қайталаған жағдайда, осы Шартты орындаудан бас тартуға және Орындаушыны Тапсырыс берушінің жұмыс аумағынан алып тастауға құқылы.
